

**Әліпхан Гүлжан Қаратайқызы**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ оқытушысы, педагогика магистрі, Қазақстан

**Алипхан Гүлжан Қаратайқызы**

Магистр педагогика, преподаватель МКТУ им. А.Яссави, Казахстан

**Alipkhan Gulzhan Karataykyzy,**

Master of Pedagogy, teacher IKTU them. A. Yassavi, Kazakhstan

## **АБАЙ – ТАНЫМ МЕН ТАҒЫЛЫМ БАСТАУЫ**

### **АБАЙ – ИСТОЧНИК ДУХОВНОСТИ**

### **ABAI IS THE SOURCE OF SPIRITUALITY**

**Түйіндеме:** Абай – қазақ руханиятының бастауы. Ол ойшыл ақын болумен бірге халық, ұрпақ ұстазы. Мақалада ұстаз Абайды таныту жайы сөз болады. Т.Тәжібаев – ұстаз Абайды кәсіби тұрғыдан танытқан ғалым ретінде бағаланады.

**Аннотация:** Абай – источник духовности казахского народа. Он является не только поэтом-философом, но и народным учителем, учителем последующих поколений. В статье подчеркивается роль Абая как учителя, как наставника. Неоценим вклад Т.Тажигаева как ученого, достоверно и убедительно представившего Абая в качестве учителя, наставника.

**Annotation:** Abai – a source of spirituality of the Kazakh people. He is not only a poet-philosopher, but also a national teacher, a teacher of subsequent generations. The article emphasizes the role of Abai as a teacher, as a mentor. The contribution of T.Tazhibayev as a scientist who reliably and convincingly presented Abai as a teacher and mentor is invaluable.

**Кілт сөздер:** Абай, ақын, ұстаз, таным, тәрбие, руханият, педагогикалық ойлар, Т.Тәжібаев, зерттеу.

**Ключевые слова:** Абай, поэт, учитель, познание, воспитание, духовность, педагогические мысли, Т.Тажигаев, исследование.

**Keywords:** Abay, poet, teacher, cognition, upbringing, spirituality, pedagogical thoughts, T.Tazhibayev, research.

Абай қазақ халқының зор рухани байлығы екенін ХХ ғасыр басындағы Алаш қайраткерлері көрегендікпен айтып, жазып кеткен. Алаш қайраткерлерінің көсемі Ә.Бөкейханов Абайды: «... Абай асқан поэтикалық қуаттың иесі, қазақ халқының мақтанышы болды. Абай сияқты халықтың рухани творчасыын осыншама жоғары көтерген қазақ ақыны әлі кездескен жоқ» [1.18-19] - деп аса жоғары бағалаған. А.Байтұрсынов Абайды «қазақтың бас ақыны» санаған. Абай қазақтағы көп ақынның бірі емес, бірегейі екені А.Байтұрсыновтың мына сөзінен байқалады: «...оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес, олардың сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең» [1.55]. А.Байтұрсынов өткен ғасырдың басында-ақ «Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек» [1.64] деп жазған

болатын. Дәл осы ақиқат сөзді егеменді ел, тәуелсіз мемлекетіміздің Президенті Н.Ә.Назарбаев та ақынның 150 жылдық мерейтойында сөйлеген сөзінде жаңғыртып, жаңартып айтқанын білеміз: «Абай әлемі бізді жеті түнде адастырмас Темірқазық іспетті. Соған қарап тірлігіміздің дұрыс-бұрысын сараптай аламыз. Өйткені жанды жегідей жеген көп сауалдың жауабын Абай әлдеқашан айтып кеткен» [2.43]. Елбасымыз атап көрсеткендей, Абай ойлары өмірімізге адастырмас, таусылмас рухани азық. Абай қазақ халқын қай қоғамда да игілік пен ізгілікке, жақсылық пен ақиқат, хақ жолына бастаушы. Адамзаттық ақиқатты танып, айта алған Абайды қай заманда да құрмет тұтып, үлгі-өнеге етуіміздің бастауы мен негізі осы айтылған салиқалы да серке пікірлерде жатыр деп білеміз. Абайды ақын ғана емес, ел, халық, ұрпақ ақылшысы мен тәрбиешісі деп танимыз.

Ақынның өмірі мен мұрасы, тәрбиелік ойлары жайындағы ізденіс нәтижелері бүгінде біршама арта түскен. Мұны ғалым М.Мырзахметұлы құрастырған «Абайтану» атты библиографиялық көрсеткішінен [3] айқын аңғарамыз. Мұнда Абайдың өмірі мен мұрасын танудың тарихы мен нәтижесі жинақталған. Ақын өлеңдері ең алғаш жарияланған 1889 жылдан бері жалғасып келе жатқан Абайды тану тарихында ақын туралы тұңғыш танымдық мақаланы 1905 жылы Ә.Бөкейханов жазса, оның педагогикалық ой-пікірлерін саралаған тұңғыш мақала 1934 жылы Ш.Әлжанұлы тарапынан «Социалистік Қазақстан» газетінде (30 декабрь) жарық көрген. Елуінші жылдарға таяу ақын Абайдың педагогикалық ой-пікірлерін кәсіби тұрғыдан саралауға ерекше үлес қосқан ғалым - Т.Тәжібаев болатын. Абайдың педагогикалық көзқарасы жайлы кейінгі жылдары жасалған ізденіс нәтижелері көбіне осы ойдың бастауында тұратын ғалым Т.Тәжібаевтың көшбасшы пікірлеріне иек артады. Т.Тәжібаев Қазақстандағы психология, педагогика ғылымдарының негізін қалаушы алғашқы тұлғалардың қатарында тұрады. Оның Қазақстандағы оқу-ағарту ісі мен оның тарихын ізерлей зерттеген «XX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанның мектебі мен ағарту істері» (1958, 1962) атты екі томдық еңбегінің педагогика ғылымы тарихындағы алар орны орасан зор. Әсіресе ғалымның ақын шығармаларындағы педагогикалық ойлар туралы жазған «Абайдың психологиялық, педагогтік көзқарастары», «Абай жастар туралы» еңбектерінің мән-мазмұны елеулі. Бұл еңбектерінде Т.Тәжібаев Абай шығармаларының тәрбиелік мән-мазмұны мен идеялық бағытын терең меңгеріп танытқан. Ол Абай шығармаларын кәсіби, білгір педагог ретінде бағалап, өз тарапынан ойлы да танымды, тапқыр тұжырымдар жасаған. Абай Т.Тәжібаев жазғандай, кәсіби педагог, ұстаз емес, ағартушы, ойшыл ақын. Абай шығармалары ойшылдық болмысы басым болып келгенімен, ағартушылық бағыты аясында түгелдей дерлік ел түзеу, адамды жетілдіру жолындағы тәрбиелік, тағылымдық ой-пікірлерге толы болып шыққан. Абайдың педагогикалық көзқарасы туралы тақырыпты Т.Тәжібаевтан кейін арнайы ізденіс нысаны еткен ғалым – К.Шаймерденова. Ол 1987 жылы ақын шығармаларындағы педагогикалық ой-пікірлерді саралап, осы тақырыпта кандидаттық диссертация [4] қорғаған. 1990 жылы «Рауан» баспасынан К.Шаймерденованың «Педагогические взгляды Абая Кунанбаева» [5] атты кітабы жарық көрген. 1998 жылы І.Халитова «Абай Құнанбаев мұрасын оқу-тәрбие процесіне енгізу тарихы (1960-1995)» [6] туралы докторлық диссертация қорғаған. Абай мұрасының оқу мен тәрбие ісінде алар орны айрықша зор екені анық. Осы орайда ғалым І.Халитова былай деп жазады: «Абай шығармаларын оқу-тәрбие процесіне енгізу – қазіргі күннің көкейтесті мәселесі... Қазіргідей барлық нәрсенің байлық, пайда сияқты жайын ғана ескеретін көзқарас үстем болған кезеңде, күнделікті өмірдегі күрделі мәселелерді шешуде Абай мұраттары жасөспірімдерді «адамдығын бұзбай» пайда табу жолдарымен қамтамасыз етеді» [6.7]. Байқағанымыздай, Абай мұрасы адамдық болмысымызды сақтап қалудың

кепілі мен алғышарты екен. І.Халитова өз диссертациясында Абай шығармаларын оқу-тәрбие процесіне енгізу мәселесін кең тұрғыда қарастырған. Осыған жалғаса 2001 жылы Э.Орынбасарова «Развитие теории нравственного воспитания школьников в истории педагогики Казахстана (60-е гг. XIX в. – 90-е гг. XX в.)» [7] тақырыбында докторлық диссертация қорғаған. Ақын Абайдың дәл осы тұста, яғни XIX ғасырдың екінші жартысында өнімді еңбек еткені мәлім. Әрі М.Әуезов «Абай адамгершілікті, мораль философиясын барлық жайдан жоғары қойды» [8.179] деп жазғанындай, адамгершілікті жырлау – Абай шығармашылығының күретамыр тақырыбы болған. Содан да Абай шығармаларындағы педагогикалық ой-пікірлер мен адамгершілік идеяларын Э.Орынбасарова өз диссертациясына ізденіс нысанасы етіп алғаны көрінеді. 2005 жылы Г.Төретаева «Абай Құнанбаев шығармаларындағы дидактикалық ойлар» [9] тақырыбында кандидаттық диссертация қорғаған. Зерттеу жұмысының алғашқы бөлімінде ол ақынның поэзиялық мұрасындағы дидактикалық ойларды сараласа, екінші бөлімінде қарасөздеріндегі дидактикалық ойлар мен оларды оқу үрдісіне ендіру мәселелерін қарастырған. Абай шығармаларындағы педагогикалық ой-пікірлер аталған ғалымдардың зерттеулерінде арнайы түрде зерттеу нысанасына алынған. Абай шығармашылығы ондағы педагогикалық ой-пікірлер тұрғысынан осылайша біршама жүйелі зерттелді. Осы орайда ақын шығармаларындағы педагогикалық ой-пікірлерді танытуда Т.Тәжібаевтың тыңғылықты ізденіс жасап, елеулі нәтижеге жеткені айрықша атауға лайық. Ал К.Шаймерденованың зерттеуінде Т.Тәжібаев ойлары біршама дамытылғаны байқалады. Өзге зерттеушілердің еңбегінде көбіне осы екі ғалымның ой-пайымдары негізге алынатыны көрінеді. Сондай-ақ кейінгі ғалымдар ішінен М.Ахметова Т.Тәжібаевтың педагогикалық мұрасы жөнінде арнайы зерттеу жүргізгенін [10] атап өткен жөн. Яғни Абайдың педагогикалық ойлары арнайы зерттеу нысанасы етілумен бірге, ақын шығармаларындағы тәрбиелік, тәлімдік ой-пікірлерді саралаған Т.Тәжібаевтың өз зерттеуі де кейінгі ғалымдар тарапынан тиісті бағасын алуда. Ақын мұрасы мен оның педагогикалық ой-пікірлерін терең танып білу, оларды оқу-тәрбие процесіне енгізу, ақын шығармаларындағы басты мәселе – ондағы адамгершілік ойлардың көрінісі секілді бағыт, тақырыптарымен зерттеулер әлі де жалғасып келеді.

Абай ойлары ұлтымыздың танымдық әрі тағылымдық темірқазығына айналып отыр. Абай шығармашылығы XX ғасыр басынан бері Алаш қайраткерлері тарапынан танылып, жоғары бағаланып, көзіқарақты ұрпаққа ақын ойлары бүгін де құлабыз қызметін атқаруда. Абай ең әуелі адам болу мен адамгершілікті жырлады. Қай қоғамда да білікті маман болу үшін әуелі адам болып алу маңызды болмақ. Қоғам мен мемлекет тәрбиелі де әдепті, ақылды да абзал адамдар арқылы жетістіктерге жетеді, өсіп өркендейді. Адамдықты насихаттаған Абай шығармаларындағы танымдық, тағылымдық үлгі-өнеге келешекте де еліміз жетер толағай табыстар мен рухани өсуіміздің кепілі болып қала бермек.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Абайды оқы, таңырқа... (Құрастырған, алғы сөзі мен түсініктемесін жазған – М.Мырзахметов, филология ғылымдарының докторы), Алматы: Ана тілі, 1993. – 160 б.
2. Назарбаев Н. Абай туралы сөз. Алматы: Рауан, 1995. – 160 б.
3. Абайтану: Библиографиялық көрсеткіш. Алматы: Ғылым, 1988. – 239 б.
4. Шаймерденова К. Педагогическая взгляды Абая Кунанбаева. 13.00.01 – общая педагогика. 1987.

5. Шаймерденова К. Педагогическая взгляды Абая Кунанбаева. Алма-Ата: Рауан, 1990. – 56 с.
6. Халитова І. Абай Құнанбаев мұрасын оқу-тәрбие процесіне енгізу тарихы (1960-1995). 13.00.01 – жалпы педагогика. 1998.
7. Урунбасарова Э. Развитие теории нравственного воспитания школьников в истории педагогики Казахстана (60-е гг. XIX в. – 90-е гг. XX в.). 13.00.01 – общая педагогика. 2001.
8. Әуезов М. Шығармалар жинағы. XX том. Алматы: Жазушы, 1985. – 496 б.
9. Төретаева Г. Абай Құнанбаев шығармаларындағы дидактикалық ойлар. 13.00.01 – жалпы педагогика. 2005.
10. Ахметова М.К. Педагогическое наследие Т.Тажимаева (1910-1964). 13.00.01 – общая педагогика. 1999.

#### **References:**

1. Abaydy оқу, таңуғқа ... (Құrustырған, алғу сөзі мен тысиниктемесин zhazған - М.Мурzahmetov, philology ғулымдарыник doctors), Almaty: Ana tili, 1993. - 160 b.
2. Nazarbayer N. Abay Turales soz. Almaty: Rowan, 1995. - 160 b.
3. Abaytanu: Bibliography, kkrsetkish. Almaty: Glym, 1988. - 239 b.
4. Shaimerdenova K. Pedagogical views of Abay Kunanbayev. 13.00.01 - general pedagogy. 1987
5. Shaimerdenova K. Pedagogical views of Abai Kunanbayev. Alma-Ata: Rauan, 1990. - 56 p.
6. Khalitova I. Abay annanbayev mұrasyn оқу-tәрбие processine ingizu tarihy (1960-1995). 13.00.01 - pedagogy. 1998
7. Urunbasarova E. The development of the theory of moral education of schoolchildren in the history of pedagogy of Kazakhstan (60s of the XIX century - the 90s of the twentieth century). 13.00.01 - general pedagogy. 2001.
8. Әуезов М. Шығармалар Zhinagy. XX volume Almaty: Zhazushi, 1985. - 496 b.
9. Төретаева G. Abay annanbayev shyғарmamalarynda didactic Oylar. 13.00.01 - pedagogy. 2005.
10. Akhmetova M.K. Pedagogical heritage of T.Tazhibaeva (1910-1964). 13.00.01 - general pedagogy. 1999

**Рецензент: д.ф.н кафедры  
русского языка и литературы ЮКГПУ Нарожная В.Д.**